«Классикалық және қазіргі заманғы әдебиет» курсы – «5B021000-Шетел филологиясы» мамандығы бойынша негізгі мамандық пәндерінің бірі: жалпы және жеке тіл білімі, үйретілетін шет тілі, оқылатын тіл елдерінің әдебиеті, шетел әдебиеті пәндерімен қатар, гуманитарлық бағыттағы орта білім беру орындарындағы филология саласы бойынша шет тілі мен шетел әдебиеті пәнінің оқытушысы ретінде немесе ғылыми мекемелерде кіші ғылыми қызметкер-филолог ретінде өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыра алатын маман қалыптастыру **мақсатын** алға қояды. Осы мақсатқа жету үшін «Классикалық және қазіргі заман әдебиеті» курсы студент-филологтарға барынша толық және терең білім беру және қабілетін қалыптастыру **міндеттерін** өз алдына қояды:

а) білуі керек:

- қарастырып отырған тарихи-мәдени дәуірлердің пайда болу заңдылықтарын, ішкі эволюциясы мен сабақтастығын, олардың идеялық-көркемдік және эстетикалық ерекшелігін;
- шетел әдебиетінің (Батыс Еуропа және Америка елдері) дамуын сол елдердегі әдеби бағыттар, ағымдар мен мектептердің генезисін, эволюциясын, сабақтастығын және алмасуын түсіну арқылы білу;
- батысеуропалық әдебиеттің қалыптасуы мен дамуындағы антикалық әдебиеттің ролін;
- Ортағасыр және Ренессанс дәуіріндегі әдебиет дамуының ерекшелігін; ХУІІғ. классицизм мен барокконың эстетикалық ұстанымдарын;
- ХУІІІғ. сентиментализм, рококо, ағартушылық реализмнің эстетикалық ұстанымдарын;
- ХІХ ғ. романтизм, классикалық романтизм, декаданс және авангардизмінің эстетикалық ұстанымдарын;
- ХХ ғ. «жаңа реализм», модернизм, постмодернизмнің эстетикалық ұстанымдарын;
- антикалық және батысеуропалық көрнекті жазушылардың шығармашылығы мен әдеби бағыт, ағым, өз дәуіріндегі мектептердің біріне қатысты олардың көркемдік эволюциясын, сонымен бірге, әрқайсысының көркемдік әдісінің өзіндік ерекшелігін және стилін білу;
- адамзаттың көркем тарихының дамуындағы биік белеске айналған және алтын қорға енген әдеби шығармаларды білу;
- қарастырылып отырған құбылыстардың қазіргі дәуірдегі зерттелу жағдайымен таныс болу;

б) істей алуы тиіс:

- анықтамалық әдебиеттермен, сыни зерттеулермен, әдебиеттанулық еңбектермен жұмыс істей білу;

- әдебиеттанулық терминологияны еркін меңгеру және дұрыс пайдалана білу;
- көркем шығарманың поэтикасына өз бетінше талдай білуге, оның қай тарихи-мәдени дәуірге, қандай бағытқа, ағымға, мектепке жататынын ажырата білу;
- берілген дәуірдегі әдеби құбылыстарды олардың жалпыадамзаттық құндылықтарын өзінше түсіндіру;
- олардың эстетикалық, адамгершіліктік, тәрбиелік мүмкіндіктерін анықтау;
- әдеби шығармаларды, әдебиет теориясы мен тарихын білу негізінде өз концепциясын қорғай алу;;
- зерттелетін құбылыстарды шетел тілі мен әдебиеті оқытушысының кәсіби ұстанымдары тұрғысынан түсіндіре алу.

«Классикалық және қазіргі заман әдебиеті» курсы мына пәндерден **бұрын оқытылады:** классикалық филология, әдебиеттануға кіріспе.

Аралас пәндердің тізімі: елтану, үйден оқу, мәтін лингвистикасының негіздері, академиялық мақсаттағы шет тілі, философия.

«Классикалық және қазіргі заман әдебиеті» курсынан **кейін оқытылатын пәндер:** оқытылатын тіл елінің әдебиеті, әдебиет теориясы, стилистика, лингвистика, мәтін лингвистикасы.

Жоғарғы оқу орындарының басты саясаты ретіндегі студенттің өзіндік жұмысына бағытталу осы пән бойынша студенттерге терең әрі жан-жақты білім алуға көмегін тигізері анық. СӨЖ тақырыбы мен бақылау формасын, ОСӨЖ және лекциялық курстың тақырыбын әр университет осы типтік бағдарлама негізінде анықтайды. Мұнда СӨЖ ең мүмкін деген тақырыптары жұлдызшамен белгіленген және ұсынылатын семинар тақырыптарының тізімі берілген. Алайда СӨЖ материалды дәл қайталауға жол бермейді, осылайша бағдарламалық минимумның толық көлемде жүзеге асуына мүмкіндік жасайды.

Бүгінгі таңда СӨЖ-дің коммуникативті және интерактивті болуы талап етіліп отырғандықтан, СӨЖ-ді ұйымдастыру мен бақылау түрлерінің дәстүрлі түрлері креативті сипаттағы жаңалықтармен толықтырылып отыруы тиіс.

I. Орта ғасыр әдебиеті

"Ортағасыр", "ортағасырлық мәдениет", және "ортағасырлық әдебиет" ұғымдары. Ортағасырлық әдебиет тарихын кезеңдерге бөлу.

Ортағасырлық Еуропадағы христиан діні мен католик шіркеуі. "Қос шындық" теориясы және оның ортағасырлық әдебиеттің көркемдік жүйесінің қалыптастырудағы мәні: көркем ойлаудағы символизм мен аллегоризм, жанрлардың құндылықтық иерархиясы, суреттелетін заттың көрсетілген «модельдермен» «ережелермен» теңестірілуі т.б. Ортағасырдың кеңістік пен уақыт туралы өзіндік түсініктері және ортағасырлық мәдениеттегі көркем уақыт пен кеңістіктің ерекшеліктері. Ортағасырлық дәуірдегі антикалық мәдени мұраның ролі. Христиандық және антикалық мұра.

Ортағасырлық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуындағы халық шығармашылығының маңызы.

1. Ерте ортағасырлық әдебиет.

Ерте ортағасырлық мәдениеттің дамуындағы екі ағым: негізінен латын тілінде жазылған жазба әдебиет пен халық ауыз әдебиеті.

А. Латын тіліндегі клерикалдық (жазба) әдебиет.

Бұл әдебиеттің маңызды жанрларының көпфункционалды ролі, негізгі этаптары мен эволюциясы, клерикалдық әдебиет шығармаларындағы діни және заңдылық мазмұнның үйлесімділігі. **"Каролингтік қайта өрлеу"* латын тіліндегі клерикалдық – әдебиеттің гүлдену дәуірі.

Б. Ерте ортағасырлық халық ауыз поэтикалық шығармашылығы.

*¹Мифологиялық эпос. *Ежелгігермандық эпос үзінділері және олардың ежелгінеміс, скандинав және ағылшын-саксон әдебиетіндегі көрінісі ("Беовульф" туралы жыр).

*Кельттік (ирландтық) эпос, оның негізгі циклдары, ирланд сагаларының көркем негізінің ерекшелігі.

*Скандинав эпосы және лирикалық поэзия. **"Үлкен" және "Кіші Эдда"* – скандинав халқының мифологиясы мен поэзиясы туралы білімдердің қайнар көзі ретінде. *Скальдтар лирикасы. *Скандинав сагалары, олардың маңызды циклдары; * скандинав сагаларының скандинав халықтарының тарихындағы, тұрмысындағы, өміріндегі халықтың көркем ойларының ескерткіштері ретіндегі маңызы.

2. Дамыған ортағасырдағы әдебиет.

Дамыған ортағасырдағы әдебиетінің құрамы. Оның әртүрлілігі: батырлық эпостың куртуаздық, клерикалдық, қалалық әдебиеттің симбиозы.

А. Дамыған ортағасырдағы батырлық эпос.

Батырлық поэмалардың пайда болуы, олардың ауыз әдебиеті дәстүрінде пайда болып, жазбаша үлгіде қалыптасуы. Батырлық поэмаларды жүйелеу, өңдеу және таратудағы жонглерлер (хугларлар, шпильмандар) мен кейінгі көшіріп жазып алушылардың ролі.

Францияның батырлық эпосы, оның негізгі циклдары. "Роланд туралы жыр" – француз батырлық эпосының ұлы ескерткіші. Поэманың халықтық негізі. Батыр халық идеясын арқалаушы ретінде. Поэмадағы "Аяулы Франция" тақырыбы. Поэмадағы Ганелонның сатқындығына берілген баға.

*Эпикалық классиканың кейінгі кезеңінде испан батырлық эпосының пайда болуы; *Испанияның батырлық эпосының ең ірі ескерткіші – "Сид туралы жыр". *Испан халықтық романсы, *оның эпоспен генетикалық байланысы.

¹ Жұлдызшамен (*) СӨЖ тақырыптарының тізімі белгіленген

*Немістің батырлық эпосы және оның ең маңызды ескерткіші "Нибелунгтар туралы поэма". *Неміс батырлық эпосының басқа да туындылары.

Б. Ортағасырлық рыцарлық (куртуаздық) әдебиет

Крест жорықтары, Шығыспен саяси және мәдени байланыстардың күшеюі және олардың рыцарлық мәдениеттің қалыптасуындағы ролі.

Прованстағы рыцарлық поэзияның пайда болуы. Трубадурлардың махаббат және саяси лирикасының негізгі сарындары мен жанрлары (Бернарт де Вентадорн, Бертран де Борн т.б.). Солтүстік Франциядағы труверлер поэзиясы мен Германиядағы миннезингерлер. **Вальтер фон дер Фогельвейденің** махаббат және саяси лирикасының өзіндік ерекшелігі.

Рыцарлық романның пайда болуы, оның жанрлық ерекшелігі мен эволюциясы. Рыцарлық романдардағы көркем уақыт пен кеңістіктің ерекшелігі. Романдардың "антикалық" циклы, оның өзінің алдындағы әңгімелеу дәстүрімен байланысы. "Бретон" топтамаларындағы кельттік аңыз-хикаялар, лэ жанры, король Артур мен Дөңгелек үстел рыцарлары туралы романдар. "Тристан мен Изольда туралы роман", оның идеялық-көркемдік ерекшелігі, еуропа әдебиетінде таралуы. Кретьен де Труа шығармашылығы.

Рыцарлық тақырыптарға арналған қалалық повестердегі рыцарлық идеология сыны ("Окассен мен Николетт"), бұл повестердегі пародияның белгілері.

В. Клерикалдық әдебиет

*Дидактикалық әдебиет: ғылыми және моральдық дидактика. *Ваганттар мен голиардтар поэзиясы.

Г. Ортағасырлық қалалық әдебиет

Қалалардың дамуы, олардың экономикалық және әскери қуатының өсуі, шеберханалық кәсіптің көтерілуі, қалалардың король үкіметін қолдауына сүйеніп феодалдық сензорларға қарсы күресі. Қалалық әдебиеттің халық шығармашылығымен генетикалық байланысы. Ортағасырлық қалалық әдебиеттің негізгі жанрлары. Фаблио, шванк және олардың халық шығармашылығымен байланысы. ***Штриккердің** "Поп Амис" повесі. *"Түлкі туралы романдағы" фольклорлық хайуанаттық эпос дәстүрінің дамуы, оның қалыптасуы мен идеялық-көркемдік ерекшеліктері. *Қалалық лирика. ***Рютбеф** шығармашылығы. Діни театрдың негізгі жанрлары. ***Адам де ля Аляның** шығармашылығы. Соттар мен фарстар. "Адвокат Патлен туралы фарс". *Неміс фастнахшпилдары.

3. Кейінгі ортағасыр әдебиеті

***Джефри Чосер.** *"Кентерберийлік әңгімелердің" поэтикасы. ***Ленглендтің** "Петр Пахар туралы елес" поэмасы. *Робин Гуд және Вильгельм Телль туралы халық балладалары. **Франсуа Вийон** шығармашылығы.

II. Қайта өрлеу дәуірінің әдебиеті

Kipicne

Европаның тарихи процесіндегі Қайта өрлеу дәуірінің хронологиялық шекарасы мен орны. Қайта өрлеу мәдениетінің көп құрамдылығы және қайшылықтылығы. Оның ерте және дамыған ортағасырлық мәдениетпен байланысы.

Ренессанстық гуманизм Батыс Европа мәдениетіндегі жаңа ағым ретінде. Орта ғасырлардағы антикалық мұра мәселесі, ақыл-ойлық талптардың кеңеюі, білі берудің және зайырлы қалалық мәдениеттің өсуі грек-рим көне мәдениетін қайда жаңғырту үшін қозғалыстың пайда болуының себебі ретінде. Ренессанстық гуманизмнің негізгі ерекшеліктері. Гуманизм мен ортағасырлық мәдени дәстүр. Антикалық білімділік пен христиандық идеологияның синтезі ренессанстық қозғалыстың негізгі мақсаты ретінде. Гуманистердің табиғат туралы антикалық білімді, антикалық философияны, риторика, поэтика және поэзияны қайта жаңғыртуы. Көнеге «еліктеу» және онымен «жарысу».

Реформация туралы түсінік. Реформациялық қозғалыстың шығу себептері. Протестанттардың папалық шіркеумен күресінің діни, саяси-әлеуметтік және мәдени мағынасы. Адам тұлғасы туралы ілім. Реформацияның Қайта өрлеу дәуірінің рухани өміріне әсері, оның ренессанстық гуманизммен бәсекелестігі және тарихи ролі.

Схоластика тоқырауына жауап ретінде мистикалық ілімнің дамуы; мистицизмнің мәдениет пен әдебиетке әсері. Қайтаөрлеу дәуіріндегі пантеистік натурфилософияның гүлденуінің себептері; әлемнің натурфилософиялық бейнесі туралы түсінік; оның дәуірдегі қарапайым әлемтануға жақындығы және әдебиеттегі көрінісі. Натурфилософияның ресми католицизмге, реформаторлардың және ренессанстық гуманистердің дүниетанымына қатысы.

ИТАЛИЯ ӘДЕБИЕТІ

Қайта өрлеу дәуіріне дейінгі кезең – Италия қайта өрлеу кезеңінің өзіндік ерекше феномені. **Данте**, өмірі мен шығармашылығы. Дантенің «Божественная комедиясы» ортағасырлық пен жаңа дәуірдің синтезі ретінде.

Ф.Петрарканың өмірі мен шығармашылығы. Петрарка – алғашқы европалық гуманист. *Петрарканың өзіне берген бағасы және оның әдебиеттегі көрінісі («Ағындарға хат» және т.б.). *"Христос пен Цицерон" арасындағы күрес ("Өмірді жек көру туралы"). *"көнеге еліктеу" туралы гуманистік тезис және Петрарканың латындық поэзиясы ("Африка" т.б.). Петрарканың итальяндық лирикасы. Оның ортағасырлық және римдік бастаулары. Петрарканың "Канцоньерасындағы" ақындық жаңашылдығы. Лаураның бейнесі және оны сомдаудағы көркем тәсілдер. Сонеттердегі "лирикалық кейіпкер" бейнесі және лирикалық интроспекцияның сипаты. "Канцоньерадағы негізгі сарын ретінде «Мадонна мен Лаура» арасындағы кейіпкер; антитеза тәсілі. "Петраркалық стиль" және оның европалық ренессанстық поэзияның дамуына әсері.

Джованни Боккаччоның өмірі мен шығармашылығы. Ортағасырлық топиктер, антикалық мифологиялық бейнелілік және риторикалық тәсілдер Боккаччоның әдеби ойлауының ұстанымы ретінде.

*Боккаччоның алғашқы кезеңдегі шығармалары. *Жалпы сипаттамасы. *"Неополитандық кезеңдегі" шығармалардағы махаббат сарыны ("Амето", "Фьезоландық нимфалар") және оның гуманистік мәні; *Боккаччоның ерте кезеңдегі шығармаларындағы пастораль жанры. Боккаччо және ренессанстық пасторальды идиллия мәселесі. *"Мадонна Фьяметта элегиясындағы" риторикалық психологизм мен автобиографизм. *Боккаччоның дамыған шығармашылығы. *Петрарканың әсері. Италиян көркем прозасының дамуы үшін "Декамеронның" мәні. Жинақтың ортағасырлық және антикалық мәдени дәстүрлермен байланысы; оның идеялық, сюжеттік және образдық бастаулары. Дәстүрлі баяндау жанрларын әдеби-тарихи қайта өңдеу "Декамеронның" көркемдік принципі ретінде. Новеллаларының классификациясы; новеллаларының жинақта орналасуы және олардың "диалогтық" өзара байланысы. "Декамеронның" идеялық мағынасы. Ренессанстық утопия және әңгімешілер қоғамы; жинақтағы шектеп әңгімелеудің қызметі. Боккаччоның итальяндық және еуропалық новеллистика дамуына әсері.

НЕМІС ӘДЕБИЕТІ

XV–XVI ғғ. екінші жартысындағы Германиядағы тарихи-әлеуметтік жағдай. Италияндық ренессанс алғашқы гуманистік үйірмелердің пайда болуына түрткі ретінде; олардың университеттік қалалардың мәдениетіне әсері. Неміс гуманистерінің сыни рационализмі және схоластикалық беделділікпен күрес. Солтүстік гуманизмнің өзіндік ерекшелігі: дін ілімі мәселелерін шешудегі филологиялық білімділікті пайдалану.

Рейхлиннің діни-этикалық көзқарастары мен қызметі. «Қараңғы адамдардың хаты» атты шығармасы шіркеулік обскурантизмге қарсы жазылған гуманистік сатирасы ретінде. **У.Фон Гуттеннің** «Диалогтары» антиклерикалдық памфлет ретінде. Германиядағы реформация. Реформациялық қозғалыстың негіздері. **Лютердің** өмірі мен қызметі.

Бюргерлік әдебиет; оның ортағасырлық сатира дәстүрімен байланысы. «Ақымақтар туралы әдебиеттің» пайда болуы мен кең жайылуы. ***Бранттың** "Ақымақтар кемесіндегі" сатира мен морализм. *Гробиандық әдебиет. ***Сакс** бюргерлік әдебиеттің ірі өкілі ретінде. Сакс поэзиясының тақырыбы мен жанрлық құрамы, әдеби қайнар көздері, сюжеттер мен персонаждар типтері; діни күрестегі Сакс позициясы және оның шығармашылығындағы бюргерлік мораль.

*Солтүстік қайта өрлеу және **Эразм Роттердамский** қызметі. *Эразм "христиандық гуманизмді" қалыптастырушы. *Оның католик шіркеуіне, схоластикалық теология және реформацияға қатысты ұстанған позициясы. Антидогматизм, рационализм, ағартушылық эразмдықтың мәні ретінде.

"Гуманистік дін ілімі" қалыптастырудағы Эразмның филологиялық қызметінің мәні ("Жаңа өсиеттің" сыни басылымы т. б.). Латын тілі - Эразмның жазу тілі. *Эразмның көркем шығармалары. "Ақымақтықты мақтау" философиялық сатира ретінде. Мори бейнесі. "Мақтаудағы" парадокс тәсілі мен күлкі сипаты. *"Өншейін әңгімелесулер" шығармасындағы тұрмыстық сатира және тәрбиелік бағдарлама. *Эразм және еуропалық гуманистік "оқымыстылар республикасы". XVI-XVII ғасырлардағы философиялық және әдеби ойға Эразмның ықпалы.

ФРАНЦУЗ ӘДЕБИЕТІ

XV-XVI ғасырлардағы Франциядағы тарихи-әлеуметтік жағдай және ренессанстық-гуманистік қозғалыстың пайда болуының алғышарттары.

Қайта өрлеу дәуіріндегі Франциядағы әдеби-тарихи процестерді кезендерге бөлу.

Итальяндық Ренессанстың француз мәдениетіне әсері және XVI ғасырдың бірінші жартысындағы француз гуманистері. Король билігінің гуманизмге көзқарасы. ***Бюде мен Лефевр д'Этапль** қызметі. *Зайырлық білімінің дамуы. *Гуманизм және католик шіркеуі. *Франциядағы реформациялық қозғалыстың пайда болуы мен нығаюы. ***Кальвин** ілімі. *Реформацияның гуманизмге қатынасы, әдебиетке ықпалы.

*XVI ғасырдың бірінші жартысындағы поэзияның дамуы. ***Маро** шығармашылығындағы ортағасырлық дәстүр; оның лирикасының жанрлық құрамы, протестанттық идеология мен гуманистік діни атмосфераның Мароға әсері. ***Маргарита Наваррская** поэзиясындағы христиандық гуманистік неоплатонизм.

*Новелла жанрының дамуы. *Маргарита Наваррскаяның "Гептамерон" шығармасының тарихи-әдеби мәні. Оның "Декамеронмен" ұқсастығы мен айырмашылығы: новеллалардың ерекшелігі, олардың жинақта орналасуы, айтушылар мен олардың диалогтарының қызметі. *"Гептамеронның" моральдық бағытталғандығы.

Рабленің өмірі мен шығармашылығы. "Гаргантюа мен Пантагюэль" романының жанрлық қайнар көздері мен әдеби генезисі. Романның сюжеті мен композициясы. Бірінші және екінші кітаптардың тақырыбы, корольдар бейнесі; схоластикалық білім мен гуманистік педагогика; гуманистік утопия тақырыбы және Телем аббаттығы. *Үшінші кітап; Панург пикаресктік персонаж ретінде; еркін тандау мәселесі. *Төртінші, Бесінші кітаптар, дәуірдің әлеуметтік институттары мен дүниетанымның сыни панорамасы. *"Гаргантюа мен Пантагрюэль" романындағы мәдени көпдауыстылық пен энциклопедизм. Романдағы күлкі стихиясы, оның халықтық комикамен байланысы. Қазіргі заманғы мәдени құндылықтарды пародиялау Рабленің конструктивтік принципі ретінде; ирония, сарказм, гротеск, гипербола, пропорциялардың араласуы, романдағы тілдік ойын. Рабленің антидогматизмі, өмірсүйгіштік Рабленің этикалық ұстанымы ретінде. Дәуірдің әдеби өміріндегі романның орны.

XVI ғасырдың екінші жартысындағы ренессанстық-гуманистік поэзияның дамуы. "Саңлақтар". *Дю Белленің "Француз тілін қорғау мен даңқын асыру" еңбегіндегі теориялық бағдарламасы (ежелгі дүниемен жарыс, әдебиеттің ұлттық тілде дамуы, жанрлық реформа, поэзияның орны мен ақынның борышы).

Ронсар шығармашылығы. *Кейінгі ренессанс және **Монтеньнің** "Тәжірибесі". Адамды тану **Монтеньнің** мақсаты ретінде.

ИСПАН ӘДЕБИЕТІ

XV-XVI ғасырлар соңындағы Испанияның саяси-әлеуметтік дамуының ерекшеліктері. Испанияның рухани өмірінің өзіндік ерекшелігі. *Ортағасырлық халықтық дүниетанымның ролі; *сарайлық–ақсүйектік мәдениет; діни-мистикалық сарынның әсері.

*Гуманистік қозғалыстың пайда болуы, оның ұлттық ерекшелігі мен халықтың рухани өміріндегі орны.

Сервантес. "Дон Кихот" шығармасындағы жанрлық синтез. Романның пародиялық мақсаты мен оның жүзеге асуы. "Дон Кихот" романының сюжеті мен композициясы. Шығармадағы рыцарлық кітаби-поэтикалық идеалдардың шындықпен қақтығысы романтикалық коллизиялар негіздері ретінде; Испанияның әлеуметтік-мәдени өмірінің сипатталуы. Дон Кихот "дана"ретінде, Дон Кихот "ақымақ" адам ретінде. Санчо Пансо образының фольклорлық-мифологиялық шығу тегі мен қызметі. Романдағы салмақты және буффондық–айлакерлік стихия; кірістірілген эпизодтар ролі; романның стилистикасы мен гуманистік риторика дәстүрлері. *Жаңа дәуірдегі Европа мәдениетіндегі "Дон Кихот" романының тағдыры.

Испандық драманың дамуы. **Лопе де Веганың** өмірі мен шығармашылығы. *"Біздің заманымызда комедия жазудың жаңа өнері" трактатындағы ұлттық драма мәселелері; Лопенің аристотельдік поэтикаға көзқарасы және көпшілік көрерменге бағытталғандығы. Лопе де Вега пьесаларының жанрлық классификациясы. *Тарихи драмалардағы халық пен билеушілер мәселесі: "Севиль жұлдызы" драмасындағы сюжеттік коллизияның сипаты. *Халықтық–батырлық драмалар: "Фуенте Овехуна". *Лопе де Вега драматургиясындағы комедиялық канон, "Шөп қорыған ит". *Діни пьесалары. *Лопе де Вега драматургиясының тарихи ролі.

АҒЫЛШЫН ӘДЕБИЕТІ

XVI ғ. Англияның тарихи–әлеуметтік дамуы. Католицизм және Реформация. Гуманистік қозғалыстың пайда болуы мен оның өзіндік ерекшелігі.

Марлоның өмірі мен шығармашылығы. "Дәрігер Фаусттың қайғылы оқиғасында" халық аңызының қайта өңделуі. *"Мальтийлік еврей"

шығармасындағы коллизия. *Марлоның көркемдік әлеміндегі космизм және оның қаһармандарының татанизмі; гиперболизм – Марло-драматургтің конструктивтік қағидасы.

Шекспир шығармашылығы. Оның шығармашылығының халықтық, мифтік-поэтикалық және натурфилософиялық негізі; дүние жаратылысының бейнесі; "Болмыстың ұлы шынжыры"; қақтығыстар космизмі. Ортағасырлық театрлық және драматургиялық тәжірибенің Шекспирге әсері; оның ренессанстық театр тәжірибесімен синтезі; Шекспирдің гуманистік идеялар шеңберін игеруі және оның шығармаларындағы орны. Шекспирлік пьесалардың жанрлық өзгешелігі мен сюжеттік қайнар көздері; шекспирлік мінездердің көпқұрамдылығы мен динамикасы. Шекспирлік полифонизм; трагедиялық пен комедиялықтың, жоғарғы мен төменгінің синтезі; буффонды-сайқымазақтық негіздің дүниетанымдық мағынасы; бейнелік құралдар байлығы мен Шекспир шығармашылығындағы ренессанстық, маньеристік және барокколық стиліндер мәселесі.

Шекспир шығармашылығының кезеңдері.

Бірінші кезең. "Сонеттеріндегі" дүниенің мифтік-поэтикалық суреттері; уақыт пен мәңгілік; петраркизм мен неоплатонизм; Дос пен қараторы ханым бейнелері; лирикалық кейіпкер бейнесі.

Бірінші кезеңдегі драматургия. * «Қанды трагедия» "Ричард III" және Шекспир шығармаларындағы зұлымдықты мәселесі. *Тарихи хроникалары; "Генрих IV" пьесасындағы идеалды билеушіні тәрбиелеу мәселесі. *Фальсатф және "фальсатфтық фон". Шекспирдің махаббат тақырыбына арналған комедияларындағы кездейсоқтық пен тағдыр ойыны коллизияның негізі ретінде. *Комедияларындағы карнавалдық-мерекелік стихия мен фарстық жағдайлар, *сайқымазақтар бейнесі. *"Он екінші түн". *"Венециандық көпес" драмасында көтерілген мәселе. "Ромео мен Джульеттадағы" трагедиялық қақтығыстың шешілуі. Шекспирдің ерте кезеңдегі пьесаларындағы гармонияның хаосты жеңу мәселесі.

Екінші кезеңдегі драматургиясы. "Гамлет", "Отелло", "Лир патша", "Макбет" трагедияларының тақырыбы, ондағы өзекті мәселелер. Идеал мен шынайы өмір шындығы арасындағы қақтығыстар: зұлым күш, қатерлі ынтықтық немесе персонаждың бос қиялы трагедиялық катастрофаның негізгі ретінде. Кейіпкердің өзін-өзі тану мәселесі; сюжеттік шешімдердің қауіптілігі және финалдық эпилогтардың жайма-шуақтығы; әлемдегі бастапқы тәртіптің қалпына келуі.

IV. XVII ғасыр әдебиеті

XVII ғасыр ерекше мәдени және тарихи дәуір ретінде. Европаның жекелеген мемлекеттеріндегі осы ғасырдың хронологиялық шегі. ХУІІ ғасырдағы негізгі әдеби бағыттар: классицизм және барокко.

Классицизм XVI ғасырдағы итальян гуманистерінің еңбектерінде алғаш қалыптасқан және XVII ғасырдың теоретиктері мен суретшілері қабылдап,

жалғастырған өнер теориясы. Классицизмнің эстетикалық жүйесіндегі Қайта өрлеу дәстүрі мен "жеке тұлға және әлем" мәселесі. Антикалық мұра мен классицизмнің эстетикалық жүйесі. Классицизм және мемлекеттердің пайда болу процесімен байланысты тарихи қажеттіліктің көрінісі ретінде ұлттық тілдердің қалыптасуы. Классицизмнің эстетикалық жүйесінің негізгі жағдайлары – көркем шығармашылықтың мақсаты, өнердің шындыққа қатынасы, табиғи қабілет пен шеберлік, көздеген ой менен шабыт, шығармашылық тұлғаның адамгершіліктік және интеллектуалды бейнесі, әдеби тіл менен просодия талаптарын негіздеу, жанрлық заңдылықтар және т.б. Көркем шығармашылық заңдарын талдап түсіндірудегі сәйкессіздіктер – классицизмнің ішіндегі ағымдар күресінің көрінісі. Классицистердің көркемдік тәжірибесіндегі стихиялық-диалектикалық және метафизикалық тенденциялардың арақатынасы мен олардың дамуының болашақ мүмкіндіктері. Ұлттық әдебиеттердегі классицизмнің өзіндік ерекшеліктері. Қазіргі дәуір және классицизм.

Барокко әдебиеттегі өтпелі дәуірдің қайшылықтарына бағытталған күшті әрекет көрсеткен әдеби бағыт. Барокконың әлеуметтік табиғатының күрделілігі оның идеялық және көркемдік тенденцияларының көпжақтылығына негіз болған. Барокко әдебиетіндегі өмірді түсіну мен оны бейнелі қайта жасау ерекшелігі: иррационалдық пен дидактиканың, аскеза мен гедонизмнің, мұқият ойластырылған дұрыстық пен метафоралар ойынының үйлесімділігі. Барокко стилистикасы. Қайта өрлеу дәстүрі мен барокко дәстүрлері. Барокконың ұлттық варианттары, олардың XVIIғ. әдеби процестегі мәні және кейінгі жүзжылдықтағы дамуы. Барокко теоретиктерінің (Тезауро, Грасиан т.б.) эстетикалық декларациялары және бароккалық мәселесі эстетикалық тұтас жүйеде ретінде. Қазіргі ғылымдағы барокко концепциясы. Барокко және XX ғасыр.

АҒЫЛШЫН ӘДЕБИЕТІ

***Френсис Бэкон** және оның XVII ғасырдағы ағылшын әдебиетіндегі орны. ***Шекспирлік** дәстүрдің маңызы. ***Бен Джонсон** шығармашылығы. ***Оның** эстетикалық көзқарастары; алғашқы кезеңдегі ағылшын классицизмінің өзіндік ерекшелігі. Бен Джонсон – драматург; ***Шекспирдің** басқа да жас замандастары. ***XVII ғасырдағы** ағылшын поэзиясы. Донн және барокко.

Ағылшын буржуазиялық революциясының жалпыевропалық маңызы. **Мильтон** – ағылшын революциясының ірі ақын және публицисті. Шығармашылық жолын кезеңдерге бөлу. Ерте кезеңдегі шығармашылығы. Мильтон поэзиясы. 40-50жж. публицистикасы, сөз еркіндігін қорғауы ("Ареопагитика"), патшаны өлім жазасына кесуді ақтауы ("Иконоборец"), республиканы қорғауы ("Ағылшын халқын қорғау"). Мильтонның публицистикалық стилінің образдылығы мен өткіртілділігі. Мильтон поэмалары библиялық эпостың шартты формасындағы осы заманның көрінісі

ретінде. "Жоғалған жұмақ" поэмасындағы автордың көздеген ойы мен оның көркем жүзеге асуының қарама-қайшылығы. "Жоғалған жұмақ" поэмасындағы әдіс мәселесі. "Қайта оралған жұмақ" поэмасы және оның ағылшын әдебиетінің дамуындағы маңызы. Поэманың саяси идеялары. Мильтонның "Самсон-күрескер" трагедиясындағы барокко мен Мильтон классицизмнің өзгешелігі. 1660 жылдан кейінгі пуритандық әдебиет. **Драйден** шығармашылығы. Оның эстетикалық көзқарасы, поэзиясы мен драматургиясы. Жаңғыру жылдарындағы ағылшын комедияларының ерекшелігі. ***Бэньян**. Шығармашылығындағы негізгі мәселелер. *"Қажының ел кезуі". *Баньян эпосындағы аллегоризм. Ағылшын әдебиетіндегі ағартушылықтың алдындағы тенденциялар.

ФРАНЦУЗ ӘДЕБИЕТІ

XVII ғасыр француз әдебиеті дамуының жалпы сипаттамасы. XVIIғ. бағыттар күресі, олардың XVIIғ. әртүрлі этаптардағы арақатынасы. XVII ғасырдың басындағы барокко. Наздылық-батырлық **романдар**. ***д'Юрфенің "Астрейасы"**, ***Сент-Аман** лирикасы, ***Арди** драматургиясы. Прециоздық және барокко. **Вуатюр** поэзиясы. **Мадлен де Скюдери** романдары. ***Отель Рамбулье** және оның Франциядағы әдеби процеске ықпалы.

Классицизм – XVII ғасыр француз әдебиетіндегі басты әдеби бағыт. Франциядағы ерте классицизмнің өкілдері – ***Малерб пен *Матюрен Ренье** шығармашылығы. Олардың эстетикалық бағдарламасының негізгі белгілері. *Малерб реформасы және оның француз әдеби тілі мен өлең өрнегі нормаларын қалыптастырудағы маңызы. *Малерб поэзиясындағы азаматтық пафос пен лирикалық кейіпкер, саяси және философиялық тенденциялары. *Малербтің көркемдік жүйесінің ұлттық ерекшелік.

*Француз классицизмі және Декарт пен Гассендидің философиялық жүйесі.

Классицизм драматургиясының дамуындағы алғашқы кезеңі. **Корнель**. Оның шығармашылығын кезеңдерге бөлу. Бірінші кезең. Корнельдің алғашқы комедиялары және оның XVII ғасыр басындағы француз театры үшін маңызы. Екінші кезең – Корнельдің батырлық классицистік трагедияларды қалыптастыруы. «Сид» XVII ғасырдың басындағы Франция тағдырындағы тарихи өзгерістерді көрсететін шығарма ретінде. «Сидтағы» трагедиялық қақтығыс және оның шешімін табуы. Негізгі кейіпкерлер образдары. "Сидтегі" әдіс мәселесі. "Сид" және классицистік доктрина. "Сид" туралы пікірталас және оның француз театры мен Корнельдің кейінгі шығармашылығының дамуына ықпалы; *"Гораций" трагедиясы және классицистік доктрина. *Корнель шығармаларындағы Рим тақырыбы мен "римдік" мінез. *"Цинна немесе Августың қайырымдылығы" шығармасы алдыңғы екі трагедияда көтерілген адам мен мемлекет арасындағы қатынас тақырыбының жалғасы іспетті. *Август образы және психологиялық мінездеме шеберлігі. *"Полиевкт" және христиандық трагедия жанры. Корнель және барокко.

Корнель шығармашылығы эволюциясының үшінші кезеңі. *Корнельдің «екінші мәнері». *"Родогуна" Корнельдің «екінші мәнерінің» типтік трагедиясы ретінде. "Никомедтегі" трагикалық қақтығыс. *Қаһарман мәселесі. "Никомед" трагедиясындағы халық тақырыбы. Трагедия жанрындағы Корнель жаңашылдығы. Корнель – театр теоретигі. Корнель трагедияларының стильдік ерекшелігі. XVIII–XX ғасырлардағы француз театрындағы Корнель дәстүрі.

Расин. Расин шығармашылығының кезеңдері. Расин трагедиялары және француз классицизмінің жаңа кезеңі. Жазушы дүниетанымындағы қайшылықтар және шығармашылығының дамуының әр кезеңіндегі көрінісі. Жазушы тұлғасының қалыптасуындағы янсенистік идеологияның ролі. Классицистік доктрина мен Расин трагедияларының формасы. Расин шығармашылығындағы трагедия жанрының өзгешелігі. "Андромаха".

"Федрадағы" трагедиялық қақтығыс және оның көркемдік шешімі. Трагедияның образдық құрылымы және классицистік канон. "Федра" айналасындағы күрестің саяси себептері. *Расиннің театрдан кетуі. *Расиннің соңғы трагедиялары мен олардың сахналық тағдыры. *"Гофолии" драмасындағы діни қуғындаулар мен тиранияға қарсы өткір сын. *"Гофолиидің" көркемдік ерекшелігі және оның ағартушылық классицизм трагедияларының дамуына тигізген әсері.

Мольер. Мольер шығармашылығы – XVII ғасырдағы француз әдебиетінің шыңы. Мольер шығармашылығының кезеңдері. *Мольер дүниетанымының материалистік, атеистік, және демократиялық белгілері. Мольер драматургиясындағы жанр байлығы, олардың халық театрының дәстүрлерімен байланысы. Мольердің театрлық дебюттері. Мольердің асқақ комедиялар үшін күресі: "Күлкілі қылымсыған әйелдер", "Әйелдер мектебіне" сын» және "Версальдық экспромт". Мольердің эстетикалық кредосы және классицистік доктрина. *Мольер комедияларындағы француз қоғамының кең ауқымды келбеті, дворян, буржуа, плебейлердің жинақталған бейнелері.

"Тартюф" комедиясының шығармашылық тарихы. Антиклерикалдық сатира тенденциясы. Тартюф бейнесіндегі сатиралық жалпылаудың кеңдігі. Мольердің асқақ комедиясы "Тартюфтегі" фарс элементтері, олардың бейнелер жүйесіндегі орны. Мольер "Тартюф" комедиясының этикалық пафосы мен көркемдік ерекшелігі туралы. «Дон Жуан» комедиясындағы кейіпкерлер жүйесі: Дон Жуан мен Сганарель образдары. Комедияның пәлсапалық мәселелері және оның «Тартюф» комедиясына қатысты сабақтастық; "Дон Жуандағы" көркемдік әдістің ерекшелігі. *"Мизантроп" комедиясындағы зайырлықты сынау.

Мольердің «Ақсүйектер арасындағы мешанин», "Сараң", "Жалған ауру" комедияларындағы буржуазия тақырыбы. Мольер комедияларындағы қайта өрлеу дәстүрі. Француз театрының дамуындағы Мольердің ролі.

***Лафонтен.** *Лафонтен шығармашылығының эволюциясы. *Лафонтен мысалдарындағы сатира. *Мысал жанрының дамуындағы Лафонтеннің маңызы. ***Буало.** Шығармашылығының негізгі кезеңдері. Буалоның

"Поэтикалық өнер" еңбегінің эстетикасы мен тарихи маңызы. XVIIғ. екінші жартысындағы француз прозасының дамуы. *XVIIғ. француз әдебиеті үшін **Ларошфуконың** "Максимдер" шығармасындағы афоризмнің маңызы. **Лафайет** шығармашылығы мен "Клевская ханшайым" романының поэтикасы. "Клевская ханшайым" романындағы психологиялық анализ шеберлігі.

ИСПАН ӘДЕБИЕТІ

*Испан әдебиетінің дамуының өзіндік ерекшелігі. *Испандық барокко және Гонгора поэзиясы. *Барокко және **Кальдерон** драматургиясы. *Кальдерон шығармашылығындағы ренессанстық дәстүр мен барокко мәселесі. *Кальдерон шығармашылығының кезеңдері. *Әдеби шеберлігінің ерекшелігі. Лопе де Вега дәстүрін қабылдаудағы қарама-қайшылықтар (Кальдеронның "Плащ пен найза комедиясы"). *"Қайтпас қайсар ханзада", "Өмір деген түс" атты моральдық–пәлсапалық пьесалары және "ар драмаларындағы" көркемдік әдіс мәселесі.

НЕМІС ӘДЕБИЕТІ

*Неміс әдебиеті және Отызжылдық соғыс. *Неміс классицизмінің ерекшеліктері. *Опиц пен оның мектебінің ақындары.

*XVII ғ. неміс әдебиетіндегі барокко мәселесі. *Грифиустың мартирологиялық трагедиялары. *Грифиустың поэмаларындағы барокко мәселесі. *Неміс роман жанрының дамуы. *Гриммельсгаузен шығармашылығы. *"Симплициус Симплициссимус" романының жанрлық ерекшелігі, романның поэтикалық ерекшелігі.

ИТАЛИЯ ӘДЕБИЕТІ

Барокко XVII ғ. итальян әдебиетіндегі басты бағыт ретінде. **Марино** – барокко поэзиясының негізін салушы және көрнекті өкілі. Маринизм – сезімдік бейнелерді және интеллектуалдық құрылыстарды сәйкестендіретін ерекше стиль.

V. XVIII ғасыр әдебиеті

XVIII ғасыр және оның қазіргі дәуір әдебиеттану ғылымында бағалануы. Ағартушылық идеологиясының мәні туралы сұрақтарының шешілуі және оның сенсуализм пәлсапасымен байланысы. Танымдағы сезімнің ролі туралы мәселе. ХУІІ ғасырдағы картезиандық "абсолюттік сана" мен XVIII ғасыр пәлсапасындағы "адам ақылының" арақатынасы. XVIII ғасыр мәдениетінің мәселесі "сөйлесу мәдениеті" ретінде. Өнердегі адамның жеке өмірі тақырыбының ашылуы және адам әлсіздігін оның жаратылысына тән нәрсе ретінде қабылдау. Адам ақылының шегі мәселесі және ақылмен негіздеуге келмейтін, яғни иррационалдының маңыздылығының ашылуы. Құдай

концепті соңғының толық көрінісі ретінде. Дуализм Ағартушылық дәуірдегі діни түсініктердің ерекше формасы ретінде.

XVIII ғасырдағы әдеби өмірдің көрінісі. XVII ғасырдан қабылданған әдеби бағыттар – *барокко мен классицизмнің* Ағартушылық дәуірдегі көрінісі, олардың жалпы сипаты; жаңа әдеби бағыттар – *сентиментализм, рококо, предромантизмнің*, олардың жалпы сипаты. Қазіргі әдебиеттанудағы *ағартушылық реализмі* мәселесі.

АҒЫЛШЫН ӘДЕБИЕТІ

**XVIII ғасырдағы ағылшын классицизмінің жалпы сипаттамасы. *Поуп шығармашылығының маңызы. *Ерте классицизм өкілдері: Аддисон, Стил. *Стил мен Аддисонның сатиралық журналистикасының ролі.*

Свифт. Свифт шығармашылығының кезеңдері. Свифт – сатирик. "Кітаптар шайқасы", "Бөшке ертегісі", "Маташының хаты", "Гулливердің саяхаты" қазіргі европалық болмыстың жалпы сатиралық көрінісі ретінде. Жанр мәселесі мен роман поэтикасы.

Дефо. *Дефоның журналистика саласынан көркем шығармашылыққа дейінгі жолы. Дефо романдарының жалпы сипаттамасы. Жазушы шығармашылығындағы «Робинзон Крузо» романының орны. Романдағы жанр ерекшелігі мен көркемдік әдіс. Дефо романдары роман жанрының дамуының сатысы ретінде. Ричардсон XVIII ғасыр әдебиетіндегі отбасылық-тұрмыстық романның негізін қалаушы ретінде. Романист–Ричардсонның эволюциясы. Ричардсонның дүниетанымы және шығармашылық әдісінің сипаттамасы.

Филдинг. Романист-Филдинг шығармашылығының эволюциясы. "Асыранды бала, Том Джонстың басынан кешкендері": поэтика мен жанр мәселесінің ерекшелігі. *Филдингтің Ричардсонмен пікірталасы Филдинг романдарындағы жағымды кейіпкер мәселесі. Романист-Филдингтің эстетикалық көзқарастары. Филдинг эстетикасындағы юмордың маңызы.

*Ағылшын сентиментализмі. *"Юнгтің оригинал шығармаларының тәжірибесі туралы". *Сентиментализмнің лирикалық поэзиясы (Томсон, Грей, Юнг). Табиғат тақырыбы. Сентименталистер лирикасындағы психологизм элементтері.*

Гольдсмит және оның "Вексфильдтық священник" романы. Романдағы аңғал адам образының рақымсыз есепқор рационалистің антитезасы ретінде берілуі. Гольдсмит романдарының поэтикалық және жанрлық ерекшеліктері.

Стерн. Стерннің "Тристрам Шенди" және "Сентименталдық саяхат" романдарындағы әдеби жаңалығы. Стерн романдарының композициялық ерекшелігі мен стилі. Адамның ішкі жан-дүниесінің суреттелуі және өмірдегі ақиқатқа жету жолындағы сезімталдылықтың ролі.

Предромантизм. Макферсон және оның "Оссианның әндері" туындысы предромантизмнің хабаршысы ретінде. Предромантизм эстетикасының негізгі сипаттары. Ортағасырлық тарихқа, мәдениет пен әдеби дәстүрлерге қызығу,

қорқынышты, құпиялылықты, ғажайып, ұсқынсыз, қиындатылған сюжеттерді суреттеуге ұмтылу, шектен тыс эмоциональдық. Уолпол мен Льюис "готикалық романның" негізін салушылар ретінде. Рэдклифтің "готикалық романының" жанрлық ерекшеліктері. Блейк пен Бернс шығармашылығындағы предромантизм белгілері. Бернс шығармашылығының шотландық ерекшелігі. Бернстың поэтикалық шеберлігі, оның поэзиясының жанрлық ерекшелігі.

ФРАНЦУЗ ӘДЕБИЕТІ

XVIII ғасырдың басындағы француз классицизмі. *Реньяр және оның комедиялары. *Лесаж драматургиясындағы дәстүр мен жаңашылдық. XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Францияның әдеби өміріндегі Маривоның орны.

Прево шығармашылығының эволюциясы. "Манон Леско" романы. Прево романындағы психологиялық анализ тереңдігі және мінез-құлықтарды сомдау. Превоның роман жанрындағы жаңалығы.

Монтескье – XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы көрнекті француз ағартушысы. "Парсы хаттарындағы" Францияның мемлекеттік құрылысына айтылған сын. Бұл туындының ағартушылық дәуірдегі француз философиялық романын дамытудағы ролі. *Монтескьенің "Римдіктердің ұлылығы мен құлдырауының себептері туралы толғаныс" атты еңбегінің тарих ғылымының қалыптасуындағы маңызы. *"Зандар рухы" еңбегінің жетекші идеялық бағыттары.

Вольтер. Шығармашылық жолының кезеңдері. Вольтер дүниетанымының жалпы сипаттамасы. Вольтер және шіркеу. *"Генриада" поэмасындағы діни шыдамдылық пен ағартушылық абсолютизмін насихаттау идеясы, оның көркемдік қасиеттері. Вольтердің моральдық-пәлсапалық және саяси-әлеуметтік сенімдері. Вольтер-тарихшы. Вольтер трагедияларындағы ағартушылық классицизмнің көрінісі. Вольтердің театрдағы жаңалықтарының негізгі мазмұны. "Орлеандық қыз" поэмасындағы антиклерикалдық және антифеодалдық мағына. Бұл поэманың жанрлық ерекшеліктері мен ұнамды идеалдың көркемдік көрінісі. "Пәлсапалық повестеріндегі" Вольтер шығармашылығының эволюциясының бейнеленуі, повестердің негізгі идеялық сарындары. Вольтер сатирасының ерекше белгілері және оның "Пәлсапалық повестеріндегі" ұнамды кейіпкерлер мәселесі. "Кандида" повесіндегі көркем форма және идеялық мазмұн анализі. Вольтердің көркемдік әдісіндегі рационализмнің сипаты. Вольтердің пәлсапалық повестерінің тарихи-әдеби маңызы.

***Дидро** және энциклопедистер (Гельвеций, Гольбах, д'Аламбер). *Дидро – "Энциклопедияны» жазушы, сыншы, әдебиетші. Дидроның пәлсапалық көзқарастарындағы материализмі. Дидроның драматургия теориясы. Дидроның эстетикалық еңбектері және Европадағы ағартушылық реализмнің дамуы.

Дидроның мешандық драмаларының көркемдік жетістігі мен кемшілігі. "Монахиня" повесі, оның XVIII ғасырдағы француз әдебиетіндегі орны.

Руссо *француз сентиментализмінің* көрнекті өкілі. Руссо шығармашылығының кезеңдері. Руссоның саяси–әлеуметтік және тарихи көзқарасы. Руссоның "Ойтолғауларының" идеялық мазмұны. "Қоғамдық келісімдегі" халық билігі теориясы. Руссоның эстетикалық көзқарастарының ерекше сипаттары. **"Эмиль"* педагогикалық романындағы жаңа адамның идеалды образы. "Жаңа Элоиза" романының көркемдік ерешелігі. Сен-Пре мен Юля образдары. "Жаңа Элоизадағы" табиғат тақырыбы. "Жаңа Элоиза" – Руссо сентиментализмінің толық көрінісі. Романның стильдік ерекшелігі. Еуропа әдебиетіндегі роман жанрының алға дамуындағы "Жаңа Элоизаның" маңызы.

*Руссоның "Сыр" романы – жаңа әдеби жанр. Руссо сентиментализмі және оның "Сыр" романының бірінші және екінші бөлімдеріндегі дамуы. Автордың образы. *«Сыр» романының француз әдебиетіндегі өмірбаяндық роман жанрының дамуына әсері. Руссо және предромантизм. Руссоизм.

*1789 жылғы революция қарсаңындағы француз әдебиетіндегі түрлі бағыттардың күресі. *Руссоның ізбасарлары.

Бомарше. Бомаршенің эстетикалық көзқарастары ("Евгения" пьесасына жазылған алғысөз). Фигаро туралы трилогия. "Севильдік шаштараз". "Фигароның үйленуі" шығармасының саяси және көркем мағынасы. XVIII ғ. Комедия жанрының дамуындағы Бомаршенің орны.

ИТАЛИЯ ӘДЕБИЕТІ

*XVIII ғ. Италия әдебиеті. Италияндық Ағартушылық дәуірдің өзіндік ерекшелігі және әдеби бағыттары мен жанрлар дамуының өзгешелігі. *XVIIIғ. Италиян театрындағы мелодрама жанры. *Метастазियो мелодрамасы.

***Гольдони** – итальян театрының реформаторы. Италиян ұлттық театрының негізін қалаушы.

***Гоцци** және оның ХУІІІ ғ. Италиян театрындағы ролі. ***Альфьери** трагедиялары.

НЕМІС ӘДЕБИЕТІ

**Классицизм.* *Германияда оның алғашқы кезеңдегі әлсіздігі. Готшед рационалистік ағымның көрнекті өкілі ретінде.

*Классицизм эстетикасының дамуы. ***Винкельманның** эстетикалық теориясы мен оның неміс әдебиетінің дамуындағы маңызы.

Лессинг – ұлы неміс ағартушысы. ХУІІІ ғ. Неміс мәдениетінің дамуындағы Лессингтің тарихи ролі. Оның эстетикалық көзқарастарының қалыптасуы мен дамуы. "Әдеби хаттар", "Лаокоон" және "Гамбург драматургиясы" – француз классицизмі мен оның эпигон жазушыларына қарсы сын, реалистік ұлттық өнер үшін күрес. Лессингтің ағартушылық реализмі.

Лессинг драматургиясы. "Мин фон Барнхельм" шығармасындағы Жетіжылдық соғыс кезеңіндегі неміс халқы өмірінің шынайы көрінісі.

"Эмилия Галотти" – неміс абсолютизмінің озбырлығына қарсы жазылған шығарма. Шығарманың мәні. "Дана Натан" драмасындағы ағартушылық бағыт: діни шыдамдылық үшін күрес, пьесаның буржуазиялық–гуманистік идеясы, ондағы классицизм сипаты. Лессингтің поэзиядағы реформалары. *Неміс тілін дамытудағы Лессинг шығармаларының мәні.

"Дауыл мен тегеурін" қозғалысындағы неміс әдебиеті. "Дауыл мен тегеурін" эстетикасының даму кезеңдері. *Штюрмерлер* және *сентиментализм*. Штюрмерлердің әдеби бағдарламасы. *"Рейн тобы" (Гете басқаруындағы). *"Геттингендік тоғай", "Швабиялық топ" т.б. ақындар шығармашылығындағы штюрмерлік дәстүрі.

***Гердер** – штюрмерлік қозғалыстың теоретигі және дем берушісі. Рационализмді сынау. Гердер шығармаларындағы оның классицизмге көзқарасы. Гердердің тарихи және гуманистік концепциясы. *Фольклортану ғылымының дамуына Гердердің қосқан үлесі: "Әндердегі халық дауысы".

Гете. Гетенің алғашқы кезеңдегі эстетикасы. («Шекспир күніне» және т.б.) "Гец фон Берлихинген" тарихи драмасындағы бүлікшілдік бастаулар. Жас Гетенің шекспиризмі. "Гец фон Берлихинген" шығармасындағы шаруалар қозғалысы тақырыбы, драманың көркемдік жаңашылдығы. *"Прометей" фрагментінің бүлікшілік сипаты. *Гете-штюрмер лирикасы және оның жоғары көркемдік қасиеттері. *"Жас Вертердің азабы" – Гетенің штюрмерлік көңіл-күйінің көрінісі. *Әлеуметтік және сентиментальдық-психологиялық роман элементтерінің бірігуі. *Вертер образы. *Гетенің штюрмерліктен кетуі мен оның себептері.

Шиллер шығармашылығының штюрмерлік кезеңі. Шиллердің алғашқы кезеңдегі драматургиясы. "Қарақшылар", "Генундағы Фиесконың астыртын қастандығы", "Зұлымдық пен махаббат" шығармалары. Шиллердің штюрмерлік драматургиясының көркемдік тәсілінің ерекшеліктері. "Дон Карлос" Шиллердің драматургиясының дамуындағы бетбұрысты көрсететін шығармасы ретінде.

80-жылдардағы Гете мен Шиллер. Гете мен Шиллер шығармашылығындағы "веймарлық классицизм" мәселесі. Гетенің "Тавридтегі Ифигения" шығармасы веймарлық классицизмнің үлгісі ретінде. Осы жылдардағы Шиллер эстетикасының негізгі белгілері, оның Кант этикасы мен эстетикасына қатынасы. Шиллер поэзиясының жанрларының байлығы мен өлеңінің өзіндік ерекшелігі, *оның пәлсапалық мәселелері.

XVIIIғ. 90-жылдардың аяғы мен XIX ғ. басындағы Шиллердің тарихи драматургиясы. Шиллер драмасындағы реализм мен романтизм. "Валленштейн", "Орлеандық қыз", "Вильгельм Телль" драмасындағы тарихилық және қазіргі замандық мәселесі. «Вильгельм Телль» тирандыққа қарсы драма ретінде. *Драмадағы халық бейнесі. Шиллер драматургиясының стилі.

*Гетенің "Вильгельм Мейстер" романын жазуы. *Тәрбиелеуші роман мәселесі. *Романдағы әлеуметтік және эстетикалық мәселелер. *Гете-романистің шығармашылық әдіс мәселесі. *"Батыстық-Шығыстық диван". *Гетенің кейінгі кезеңдегі лирикалары. *Гете универсализмі мәселелері.

"Фауст" трагедиясы. Оның жазылу тарихы. "Фауст" XVIII-XIXғғ. шындығын көркемдік жалпылау ретінде. Фауст образы, оның пәлсапалық және көркемдік меңызы, эволюциясы. Халыққа қызмет ету туралы ой жоғарғы моральдық принцип ретінде. Бұл идеяларды қамтудағы қиындықтар. Трагедиядағы негізгі кейіпкерлер (Фауст пен Мефистофель, Маргарита, Елена, Вагнер т.б.). Трагедияның пәлсапалық мәселесі. Шығарма финалының оптимистік сипат. "Фаусттың" әр бөліміндегі көркемдік әдіс мәселесі. Композициясы, өлең ерекшелігі.

VI. XIX ғасыр әдебиеті

1. XIXғ. бірінші жартысындағы әдебиет (1794-1850)

XIXғ. ерекше тарихи-мәдени дәуір ретіндегі жалпы сипаттамасы. XIX ғасырдағы әдеби өмір. XIXғ. әдеби процесстердің кезеңдері. XIXғ. бірінші жартысындағы әдебиет дамуының ерекшеліктері. *Романтизм* XIXғ. алғашқы үштен бір бөлігіндегі әдеби бағыт ретінде және оның негізгі ұстанымдары: классицизм доктринасын терістеу, дүниені "романтикалық" сезіну және оның «романтикалық» кейіпкердің ерекше типі арқылы көрінуі, ұлттық тарих пен көркемдік дәстүрде әлі өз формасын таппаған жаңалықтың бәріне қызығу ("жаңаның бәрі керемет, керемет деген – бар жаңа нәрсе"), суреткердің және өнердің кез келген ережелер мен заңдардан бостандық идеалы. Романтизм әдісінің негізгі белгілері: қаһарман – автордың, ағартушылықпен салыстырғанда, өмірге деген жаңа көзқарасын білдіруші; тартыс: адам – қоршаған әлем, сюжет фрагментарлығы, оқиғалар арасында бірізді байланыстың болмауы (суреттеу тақырыбы – адамның ішкі дүниесі), "жергілікті колориттің" қаһарман бейнесімен байланысы.

Англиядағы романтизмнің ерекшелігі. *"Көлдер мектебі" (**Вордсворт, Кольридж, Саути**). Вордсворт пен Кольридждің "Лирикалық балладаларына" жинағына алғысөз ағылышын романтизмінің эстетикалық манифесті ретінде. *Вордсворт лирикасындағы табиғат идеалы. *Кольридждің "Кәрі теңізші туралы әңгіме", "Кристалль" поэмаларындағы иррационалды бастаулар: символ мен глосса, поэтикалық қиялдар мен моральдық үкім арасындағы.

Байрон. *Байрон ақын әрі драматург. Байрондық кейіпкер қозғалыстағы, даму үстіндегі құбылыс: мұнды жиһанкез ("Чайльд Гарольдтың сапары"), қарақшы ("Шығыстық поэмалары"), метафизикалық бүлікшіл-күрескер ("Манфред", "Каин"). *"Дон Жуандағы" жанрлық канонның жарылысы – поэма "өлеңмен жазылған роман" ретінде. Байронның қаһармандық индивидуализмі мен ирониялық скепсисі. **Шелли.** *Поэтикалық пішінінің өзгешелігі мен эстетикалық көзқарастарының қалыптасуы ("Поэзияны қорғау", "Азат етілген

Прометейге" жазылған алғысөз, "Ислам көтерілісі"). "Азат етілген Прометей" драмалық поэмасының поэтикасы мен көтерген мәселесінің өзгешелігі. "Ченчи" трагедиясындағы пәлсапалық-эстетикалық шырғалаң. Шеллидің пәлсапалық лирикасы. *Байрон мен Шелли. **Скотт**. *Ағылшын романтикалық поэзиясының дамуындағы Скотт поэмалары мен балладаларының алатын орны. Скотт – ХІХ ғ. тарихи роман жанрының негізін қалаушы. Скотт-романистің эстетикалық ұстанымдары және жанрларының типологиясы. Скоттың "шотландық" романдары ("Уэверли", "Эдинбургтық қапасы", "Роб Рой"). Жазушының "ортағасырлық" романдары ("Квентин Дорвард", "Айвенго"). ХVІІІ ғ. буржуазиялық көтерілістерге арналған романдары ("Пуритандықтар", "Вудсток"). Тарихи баяндаулардағы дерек пен ойдан шығарылған оқиғаларды түсіну.

Франциядағы романтизмнің ерекшелігі. Франциядағы 1794 жылдан кейінгі әлеуметтік және мәдени жағдай. "Реставраторлар" мен либералдардың идеялық-эстетикалық қарсылығы. **Шатобриан**. "Көтерілістер туралы тәжірибе" шығармасындағы романтикалық кейіпкер бейнесінің алғаш көрінуі және оның "Христиандықтың ұлылығы" шығармасында қалыптасуы. («Рене») Рененің «Бақытсыз сана» еңбегі сын мен бейнелеудің пәні ретінде. **Жорж Санд**. «Лелия», «Консуэло». **Сталь**. *Романтизмнің "қазіргі кезеңгі" өнер ретінде негізделуі. Ұлттық әдебиеттерді салыстыру мен өзара байланыстыру бір-бірінен шабыттандудың бастауы ретінде («Әдебиет туралы», «Германия» трактаттары). "Дельфина", "Коринна немесе Италия" романдарындағы әйел эмансипациясы тақырыбы.

Гюго. *Гюгоның ерте кезеңдегі лирикалары. *Классицистік поэтикадан романтикалық поэзияға дейінгі эволюция. "Кромвельге" жазылған алғысөзі "романтизмнің манифесті" ретінде. Гюгоның драматургиясы және оның театрдағы романтизмді бекітудегі маңызы. "Эрнани" драмасы төңірегіндегі «соғыс». Гюго драматургиясының типологиясы. *"Париждік құдайанасы ғибадатханасы" романындағы тарихилық мәселесі. *1830-1840 жылдардағы Гюго поэзиясы.

